# Мемлекеттік архивтердегі архив істерін дамытудың негізгі көрсеткіштері мен бағыттарын іске асырудың 9 ай қортындысы бойынша есеп беру жиналысы






21.10.2021 жылы Тараз қаласындағы Ш.Мұртаза атындағы «Руханият және тарихтану орталығында» «Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» басшысы Ерлан Жүнісбай Нұрманұлының төрағалығымен жиналыс болып өтті. Аталмыш шараға облыстық, қалалық және аудандық архивтердің басшылары, ғылыми қызметкерлер, архив саласындағы мамандар қатысты.
Жиын барысында мемлекеттік архивтерде ағымдағы атқарылып жатқан жұмыстар бойынша – басшы орынбасары Мадиева Сара Қабылбековна баяндама жасап, ал өз кезегінде архив директорлары архив істерін дамытудың негізгі көрсеткіштері мен бағыттарын іске асырудың 9 ай қортындысы бойынша есеп берген болатын. Бөлім басшысы Айгүл Мадешқызы «Құжаттардың бірыңғай электронды архиві» ақпараттық жүйе бойынша атқарылып жатқан жұмыс нәтижесімен ой өрбітіп, күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша сұрақ-жауап қойылды.